

## Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Әскери кафедра

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің әскери кафедрасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 10 маусымдағы №344 қаулысы негізінде құрылды.

Әскери кафедраның негізгі мақсаты - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының запастағы офицерлерін даярлау болып табылады.

Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлық Қазақстан Республикасының жұмылдыру резервін даярлау және бейбіт уақытта Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын жасақтау мақсатында жоғары оқу орындарының студенттерін әскери кафедраларда оқыту бағытында азаматтарды әскери даярлауды қамтиды.



Студенттерді әскери даярлау алты әскери-есептік мамандықтар бойынша жүзеге асырылады: «Әскер қызметін ұйымдастыру және қауіпсіздік пен құқық тәртібін қамтамасыз ету бөлімшелерін қолдану», «Барлауды ұйымдастыру», «Арнайы үгіт-насихатты ұйымдастыру», «Дене шынықтыру дайындығы мен спортты ұйымдастыру», «Жалпы әскери бөлімшелерді, бөлімдер мен құрамаларды жауынгерлік қолдану», «Аумақтық қорғанысты жоспарлау және ұйымдастыру».

Қазіргі уақытта әскери кафедрада Қазақстан Республикасының жұмылдыру резервін дайындау үшін запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша 225 студент оқытылуда.



жабдықталған «Профессионал» электронды ату – жаттығу тирі жұмыс істейді.

Әскери кафедра оқу үрдісінде әскери бөлімдердің далалық оқу базасын пайдалана отырып, Атырау әскери гарнизонының, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің, ҚР ІІМ Ұлттық гвардиясының әскери бөлімдерімен запастағы офицерлерді даярлауда белсенді қызмет атқарады.



Оқу үрдісінің деңгейін арттыру мақсатында әскери кафедра оқу кітапханасымен, компьютерлермен, аудио-бейнетехникалармен, макеттермен, мультимедиялық техникамен жабдықталған, интерактивті технологиялар қолданылады. «Макаров МР-654» маркалы тапаншамен, «ММГ-АК ПС» Калашников автоматтарымен



2018 жылдың шілде айында 95 студент әскери ант қабылдады, ал қараша айында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығы бойынша әскери кафедраның алты түлегіне – «запастағы лейтенант» әскери атағы берілді.

Әскери дайындықтан өтетін студенттердің тәрбие және әскери-патриоттық жұмыстарының міндеттері

сабақ барысында орындалады.

Жастар бастамасын дамыту және қолдау үшін отандық әскери өнер тарихын, қару-жарақты, әскери кәсіптерді игеру, жастарды Қарулы Күштерде қызметке даярлау және білім алушылардың бойында патриоттық, Қазақстан Республикасына адалдықты қалыптастыру үшін әскери кафедра базасында "Сармат" әскери-патриоттық клубы құрылды.

«Сармат» - Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 шілдедегі № 375 бұйрығына сәйкес Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің әскери кафедрасының базасында құрылған студенттік қоғамдық ұйым.

«Сармат» клубының қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» 1996 жылғы 31 мамырдағы № 3-І, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-ІV ҚРЗ, «Жастар саясаты туралы» 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ, «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207-ІІІ ҚРЗ осы Ережені, басқа да нормативтік құқықтық актілерді және өз қызметінде жалпыға танылған қағидаттарды, нормалар мен стандарттарды басшылыққа алады.

«Сармат» әскери-патриоттық клубы өз қызметін университет басшылығымен жүзеге асырады, сонымен қатар жастар ісі жөніндегі атқарушы билік органдарымен, білім беру, мәдениет, спорт, әскери басқару, мекемелер мен ұйымдар, олардың қызметі жастардың рухани-адамгершілік, патриоттық және физикалық дамуына бағытталған.

Клуб құрылған уақыттан бері жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу мақсатында түрлі іс-шаралар өткізілді.

Мысалы, 2018 жылдың 15 ақпанында университеттің акт залында Ауған соғысының 15 ардагері шақырылып, гарнизонның әскери оркестрінің қатысуымен



«Ауғанстан - жүрек жарасы» атты тақырыптық кеші өтті. Кеште «Ауған соғысының хронологиясы» фильмі, концерттік бағдарлама, бейнероликтер көрсетілді.

Кеш барысында қатысушылар студенттердің сұрақтарына жауап берді. Атырау облысынан кеткен Ауған соғысының ардагерлері туралы Г. Сланов атындағы облыстық әмбебап кітапханасының қызметкерлері айтып берді. Тақырып бойынша фото және кітап көрмесі ұйымдастырылды. Іс-шара соңында шақырылған қонақтарға АМУ ректоры атынан алғыс хаттар табыс етілді, Ауған соғысының ардагерлері А. Ермакованың «Ауған соғысындағы Атыраулық жауынгерлер шежіресі» (Атырау-2017) атты кітабы табыс етілді. Кеш соңында естелік суретке түсіру ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 3 мамырында «Сармат» әскери-патриоттық клубының мүшелері «Еңсесі биік-Ұлы Жеңіс» атты тақырыптық кеш ұйымдастырды. Іс-шараға Ұлы Отан соғысының ардагерлері, ҰОС және тыл еңбек ардагерлерінің «Фронтвичка» халықтық хоры, «Батыс» РМК және «Сармат» ӘПК көркемөнерпаздары қатысты. Көрермендер назарына клуб мүшелері әскери тақырыптарға қойылымдар мен әндер ұсынды.

Бұл іс-шаралардан басқа, университет деңгейінде тәрбиелік және әскери-патриоттық сипаттағы іс-шаралар өткізілді: «Қаһарман батыр-Боран Нысанбаев» (06.02.2018 ж.), «Арулар-асыл жандар» (06.03.2018 ж.), «Сен қызмет ететін өлке» (24.04.2018 ж.) және т. б.

Сонымен қатар, әскери кафедра студенттері қалалық және облыстық іс-



шараларға қатысады. Мысалы, облыстық білім беру басқармасының Атырау аймақтық дене шынықтыру және спортты дамыту орталығы ұйымдастырған әскери-патриоттық әндердің облыстық байқауында әскери кафедра студенттері белсенді қатысқаны үшін дипломмен марапатталды.

Сондай-ақ, облыстың және қаланың оқу мекемелерімен тәрбие сипатындағы жұмыс тиісті деңгейде жолға қойылған. Мысалы, жастарды патриоттық тәрбиелеуге қосқан зор

үлесі үшін Атырау инженерлік-гуманитарлық институты колледжінің директоры әскери кафедраға алғыс хат табыс етті.

Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 73 жылдығын, ҰОС ардагері О. Саргунановтың 100 жылдығын және «Тұлпар» әскери-патриоттық клубының құрылғанына 10 жыл толуына орай «Рухани жаңғыру» акциясы аясында Мақат аудандық білім беру бөлімі «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды!» атты конференция ұйымдастырып, әскери кафедраға белсенді қатысқаны үшін сертификат берілді.

Наурыз айында облыстық теледидар арқылы әскери кафедра студенттері мен оқытушылары жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру жұмыстары бойынша «Қаһарман» бағдарламасының трансляциясы өткізілді.

Сонымен қатар, әскери кафедра базасында жыл сайын Атырау облысының жалпы білім беретін және кәсіптік оқу орындарының оқытушыларымен патриоттық тәрбие беру бойынша тәжірибе алмасу бойынша семинарлар, біліктілікті арттыру курстары өткізіледі.

Әскери кафедра мен университеттің қатысуымен өтетін негізгі іс-шаралар университеттің сайтында үнемі жарияланады. Сондай-ақ, қалалық және облыстық БАҚ-пен өзара қарым-қатынас жасау арқылы жұмыстар жүргізілуде.